

**«Майлин атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ
Шолақорда ауылы**

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

ХАТТАМАСЫ № 4

Өтілген күні: 28.02.2023 ж.

Қатысқандар: мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Г.Мағзиева,
қамқоршылық кеңес төрағасы А.Хасенов, кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары
2. «Наурыз» мерекесіне байланысты ұйымдастырылатын іс -шаралар.
3. Бос білім беру ұйымдары басшыларын тағайындаудағы қамқоршылық кеңесінің ролі

Тыңдалды:

1-мәселе

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мағзиева кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары бойынша жылдық жұмыс жоспары таныстырып, I жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар есебін баяндады. Осы уақытқа дейін мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылық фактілерінің тіркелмегенін жеткізді. Кеңес мүшелері сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушылардың түнгі уақытта /22.00-ден кейін/ көшеде жүрмеуін қадағалап, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп рейд жұмыстарын жандандыруды ұсынды.

2- мәселе

«Қамқоршылық» кеңестің мүшесі С. Кегенбаев сөз сөйледі: «Наурыз» мерекесін атап өту барысында мерекелік шарларға, мерекелік дастарханға, спорттық ойындарға демеушілер қарастырылып, спорттық ойын жеңімпаздарына ақшалай сыйлық берілуін ұйымдастыру керектігін атап өтті.



3 мәселе

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Хасенов Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау» қағидаларындағы қамқоршылық кеңесінің міндеттерімен таныстырды

Шешім:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары жандандырылсын.
2. «Наурыз» мерекесін атап өту барысында мерекелік шарларға, мерекелік дастарханға, спорттық ойындарға демеушілер қарастырылсын.
3. Бос білім беру ұйымдары басшыларын тағайындауда қамқоршылық кеңесімен бірлесе жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Хатшы:


А.Хасенов

Б.Қажыбаева